

Аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 191 "2025-2027 жылдарға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 ақпандағы № 210 шешімі

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Ырғыз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 191 "2025-2027 жылдарға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2025 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 204 610 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 56 421 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 90 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2 000 теңге;

трансферттер түсімі – 146 099 мың теңге;

2) шығындар – 207 110 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 2 500 теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 500 теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 500 теңге.";

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы:

М. Турымов

Аудандық мәслихаттың
2025 жылғы "24" ақпандағы
№ 210 шешіміне қосымша

Аудандық мәслихаттың
2024 жылғы "26" желтоқсандағы
№ 191 шешіміне 1-қосымша

2025 жылға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	204 610
1			Салықтық түсімдер	56 421
	01		Табыс салығы	28 914
		2	Жеке табыс салығы	28 914
	04		Меншікке салынатын салықтар	26 407
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 790
		3	Жер салығы	701
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	23 050
		5	Бірыңғай жер салығы	866
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 100
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 100
2			Салықтық емес түсімдер	90
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	90
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	90

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	2 000
		1	Жерді сату	2 000
		2	Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем	2 000
4			Трансферттердің түсімдері	146 099
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	146 099
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	146 099

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
1	Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	2	3	Бағдарлама		
			4	Атауы	
1	2	3	4	5	6
				II Шығындар	207 110
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	64 135
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	64 135
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	64 135

			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	64 135
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	105 763
	3			Елді мекендерді көркейту	105 763
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	105 763
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	13 641
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 488
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	88 634
12				Көлік және коммуникация	37 212
	1			Автомобиль көлігі	37 212
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	37 212
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының	9 656

				жұмыс істеуін қамтамасыз ету	
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және ағымдағы жөндеу	27 556
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-2 500)
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(2 500)

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	2 500
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2 500
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК